Жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
"Орда секьюрити"

Товарищество
с ограниченной ответственностью
"Орда секьюрити"

Республика Казахстан, г.Кызылорда, ул.Болашак 5у, БИН 100140010665, тел: 8 (7242) 27-34-06

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігі
Ішкі Мемлекеттік
Аудит Комитетіне

Қызылорда қаласы,
Шымкент 5 У
БИН 100140010665
«Орда секьюрити» ЖШС-нің
Директоры
Т.Стыкбаевтан
Телефон: 87760908899

ШАҒЫМ
(Мемлекеттік сатып алу қортындысы бойынша)

Осы шағымымыз бойынша Сіздерге төмендігі заңсыз мән-жайларды білдіреміз.

"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (лот № 41331987-ОК1, конкурстың атауы Стационардың тәулік бойы күзет қызметі» ұйымдастырушы "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (әрі қарай ұйымдастырушы) 01.03.2021 жылғы қорытындылар туралы хаттамасымен төменде көрсетілген мән-жайлар бойынша негізсіз шешім қабылдап, «Орда секьюрити» ЖШС-гі конкурсқа қатысуға бас тартылған.

Атап айтқанда, ұйымдастырушы мекемесімен құрылған комиссия мүшелерінің 22.02.2021 жылғы алдын ала рұқсат беру хаттамасында, әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті еңбек ресурсын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, себебі конкурстық құжаттамаға 1-4-қосымшада сұратылған 21 бірлік - Күзетшілер (қызметтік және күзет куәлігі мен жеке басын куәландыратын құжат); мамандандырылған оқу орталықтарында күзетшілерді арнайы даярлау бойынша және өрт қауіпсіздігі бойынша және Антитеррор бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы растайтын құжаттардың (анықтамалар, куәліктер және т.б.), 3 бірлік – Аға күзетші (қызметтік және күзет куәлігі мен жеке басын куәландыратын құжат); мамандандырылған оқу орталықтарында күзетшілерді арнайы даярлау бойынша және өрт қауіпсіздігі бойынша және Антитеррор бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы растайтын құжаттардың (анықтамалар, куәліктер және т.б.) болмауы. Ал, әлеуетті өнім беруші №6-қосымшаның 5-бөлігінде ұсынған барлық күзетшілердің қызметтік куәліктерінің және мамандандырылған оқу орталықтарында күзетшілерді арнайы даярлау бойынша және өрт қауіпсіздігі бойынша және Антитеррор бағдарламасы бойынша

біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы растайтын құжаттардың (анықтамалар, куәліктер және т.б.) электрондық көшірмелерін ұсынбауына байланысты есепке алынған жоқ. **Бұл ретте, әлеуетті өнім берушімен күзетшілердің қызметтік куәліктері №6-қосымшаның 5-бөлігінде ұсыну орнына, құжаттаманың «Куәліктер,сертификаттар, дипломдар және басқа да құжаттар» графасында ұсынған, сол себепті есепке алынған жоқ** – деген негізбен «Орда секьюрити» ЖШС-гі жіберілген жоқ.

Осы хаттамада көрсетілген кемшіліктер біздің тарапымыздап 3 жұмыс күні мерзім ішінде жойылып, құжаттар қайта ұсынылды.

Алайда, ұйымдастырушының комиссия мүшелерімен 01.03.2021 жылы қабылданған қорытындылар туралы хаттамасында, әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті еңбек ресурсын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, себебі конкурстық құжаттамаға 1-4-қосымшада сұратылған 1 бірлік – Аға күзетшісінің болмауы. Ал, әлеуетті өнім беруші №6-қосымшаның 5-бөлігінің №6-ретте ұсынған Н.Кенжалының қызметтік куәлігінде көрсетілген «Жүргізуші күзетші» лауазымы конкурстық құжаттамаға 1-4 қосымшасы біліктілік талаптары бойынша сұратылған «Аға күзетші» біліктілігіне сәйкес келмеуіне байланысты есепке алынған жоқ –деген негізбен «Орда секьюрити» ЖШС-гі негізсіз конкурқа қатысуға бас тартылған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ. санды мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (әрі қарай -Заң) 27-ші бабына сәйкес, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

Сонымен бірге, Конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын беретіндігі көрсетілген.

Алайда, аталған конкурс бойынша комиссия мүшелерімен Заңның 27-ші бабы өрескел бұзылып, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталмай, №6-қосымшаның 5-бөлігінің №6-ретте ұсынған Н.Кенжалының қызметтік куәлігінде көрсетілген «Жүргізуші күзетші» лауазымы конкурстық құжаттамаға 1-4 қосымшасы біліктілік талаптары бойынша сұратылған «Аға күзетші» біліктілігіне сәйкес келмейтіндігі бұған дейін көрсетілмей, заңсыз шешім қабылданған.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (лот № 41331987-ОК1, конкурстың атауы Стационардың тәулік бойы күзет қызметі» ұйымдастырушы "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (әрі қарай ұйымдастырушы) 01.03.2021 жылғы қорытындылар туралы хаттамасының күшін жойып, «Орда секьюрити» ЖШС-гін конкурсқа қатысуға рұқсат етілуін қалпына келтіруді немесе конкурсты қайта ұйымдастыруға ықпал жасауларыңызды сұраймыз.

«Орда секьюрити»
ЖШС-нің директоры **Т. Стыкбаев**